

Жиырма үшінші Халықаралық лингвистикалық олимпиада

Бухарест (Румыния), 26 шілде – 2 тамыз 2026 ж.

Жеке сайыс есептері

Шешімдерді жазу ережелері

Есеп шарттарын көшірмеңіз. Әрбір есептің шешімін бөлек параққа немесе парақтарға жазыңыз. Әр параққа есеп нөмірін, орныңыздың нөмірін және тегіңізді жазып шығыңыз. Сонда ғана жұмысыңыз дұрыс тексеріледі.

Өзгеше нұсқау берілмесе, есептен анықтай алған барлық ережелер мен заңдылықтарды сипаттауыңыз қажет. Әйтпесе шешіміңізге толық ұпай берілмейді.

Есеп 1 (20 ұпай). Төменде орталық юпик тілінде сөздер және олардың фонетикалық транскрипциялары мен аудармалары берілген. Бұл айтылымдардың барлығы Нортон-Саунд шығанағы (НС) диалектіге жатады:

qasgulek	[ˈqaz.ɣu.ʒəkʰ]	жолақты итбалық
nanepak	[na.ˈnəf.pakʰ]	үлкен көл
tep'liuq	[ˈtəp.ʒi.uqʰ]	ол ашытылған балық бастарын дайындап жатыр
nav'pagtuq	[ˈnav.pax.tuqʰ]	ол шынында сынды
qamiq'vak	[qa.ˈmiq.vakʰ]	күйе түрі
nat'rarka	[ˈnat.ɤax.kaqʰ]	былғары аяқкиімнің табанының материалы
calugun	[ca.ˈʒu.ɣun]	тері қырғыш
kaal'taaq	[ka.ˈaʒ.ta.aqʰ]	ойын картасы
ullelluku	[u.ˈʔəʔ.ʔu.ku]	теріс айналдыру
ilquineq	[ˈiʔ.qu.ˈiː.nəqʰ]	бас сүйек
kaltuuvvilaq	[ˈkaʔ.tu.ˈuː.fi.ʒaqʰ]	картон
kayangurngalnguq	[ka.ˈjaː.ɣuɤ.ˈɲaʒ.ɲuqʰ]	сопақ нәрсе
assikekeka	[a.ˈsiː.kə.ˈkək.ka]	ол маған ұнайды
paluteqerru	[pa.ˈʒuː.tə.ˈqəx.ɣu]	бұны жапшы
iggiggiayuli	[i.ˈxiː.xi.ˈaː.ju.ʒi]	Виргиния үкісі
ilalkumalria	[i.ˈʒaʔ.ku.ˈmaʒ.ɤi.a]	құрбан
apepailgaku	[a.ˈpəp.pa.ˈiʒ.ɣa.ku]	одан сұрамас бұрын
yuarutlertangqertuq	[ju.ˈaː.ɤutʰ.ˈʔəx.taŋ.ˈqəx.tuqʰ]	ескі бір ән бар
tutgarrlugaq	[ˈtutʰ.xax.ˈʔuː.ɣaqʰ]	немере
cuukvagtalek	[cu.ˈukʰ.fax.ˈtaː.ʒəkʰ]	шортан көп жер
cangatenrituten	[ca.ˈɲaː.tən.ˈɤiː.tu.tən]	сенің ешбір мінің жоқ
cungagcessvakartat	[cu.ˈɲax.cəs.ˈfaː.kaɤ.tatʰ]	олар неткен жасыл!

Жоғарыдағы сөзформалардың соңғы төртеуі ғана тілдің басқа диалектінде — жалпы орталық юпик (ЖОЮ) — өзгеше айтылады. Төменде олардың ЖОЮ диалектідегі фонетикалық транскрипциялары берілген:

tutgarlugaq	[tut ^h .ˈxax.ɬu.ɣaq ^h]	<i>немере</i>
cuukvagtalek	[cu.ˈuk ^h .ˈfax.ta.ɬək ^h]	<i>шортан көп жер</i>
cangatenrituten	[ca.ˈɲaː.ˈtən.ɰi.ˈtuː.tən]	<i>сенің ешбір мінің жоқ</i>
cungagcessvakartat	[cu.ˈɲax.ˈcəs.fa.ˈkax.tat ^h]	<i>олар неткен жасыл!</i>

(a) Орталық юпик тілінде жазыңыз:

1.	[ˈməɬ.qu.ˈɬəɬ.ɰi.ˈux.ta]	<i>табиғат қорғау инспекторы</i>
2.	[qa.ˈjaː.pix.ˈkaː.ni]	<i>оның жеке болашақ шынайы қылқайығы</i>
3.	[ta.ˈɬiː.ɣaq ^h]	<i>қылқайыққа арналған ілмек</i>
4.	[ˈkəx.sa.ˈɬ.ku.taɣ ^h]	<i>иттің тұмалдылығы</i>
5.	[ˈcup.ɣa.ˈɬax.tuɣ ^h]	<i>ол кенеттен үйін сағынып кетті</i>

Егер кейбір формалар тек бір диалектіде (НС немесе ЖОЮ) мүмкін болса, көрсетілген диалектіні белгілеңіз.

(b) Төмендегі формалардың фонетикалық транскрипцияларын жазыңыз:

6.	aartartuq	<i>оның абай болатыны бар</i>
7.	akekataki	<i>ай!</i>
8.	negavgun	<i>монша жөкесі ретінде қолданылатын тамыр</i>
9.	atasuak	<i>жазғы шалбар</i>
10.	ner'ciquq	<i>ол жейді</i>
11.	alikenritaqa	<i>мен бұдан қорықпаймын</i>
12.	neqlinrrarmek	<i>жаңа кесілген балықтан</i>

Егер екі диалектідегі айтылу әртүрлі болса, екі транскрипцияны да жазып қайсысы қай диалектіге жататынын белгілеңіз.

△ Орталық юпик тілі эскимос-алеут тіл отбасына жатады. Бұл тілде Америка Құрама Штаттарындағы Алясканың оңтүстік-батысында шамамен 10 000 адам сөйлейді.

□ белгісі дауысты дыбыстың созылымдығын білдіреді. □ белгісі буын жігін айырады. □ белгісі екпінді буын(дар) алдында қойылады.

[^h] алдыңғы дауыссыз дыбыстың лепті айтылуын білдіреді.

[ə] = ұнайды сөзіндегі ы.

[c] ≈ ч.

[j] = й.

[ɬ] = с, бірақ тіл л дыбысын айтардағыдай орналасады; [ɬ] = ұяң [ɬ].

[ɲ] = кең сөзіндегі ң.

[q] = қ.

[x] = ауыз алдына қарай айтылатын х; [ɣ] = ауыз алдына қарай айтылатын ғ.

[χ] = х; [ɣ] = ғ.

—Лай Оцука (кеңесші: Салли Сэмсон)

Есеп 2 (20 ұпай). Төменде йелі-днье тілінде сөздер мен сөз тіркестері және олардың қазақша аудармалары кездейсоқ ретпен берілген:

- | | |
|------------------------------|------------------------------|
| 1. kpêdê | A. қара |
| 2. kpêdêkpêdê | B. аппақ |
| 3. kpaapî ntóó | C. қуырғанда қараятын жаңғақ |
| 4. kpaapî tp:oo | D. шағын кеме |
| 5. nkéli tp:oo | E. ағаштың жапырақтары қызыл |
| 6. tpile kpaapîkpaapî | F. ақ нәрсе |
| 7. yî yââ taataa | G. ақ какаду балапаны |

Төменде йелі-днье тілінде тағы бірнеше сөз бен сөз тіркесі және олардың қазақша аудармалары кездейсоқ ретпен берілген:

- | | |
|-----------------------------|-------------------------------|
| 8. chêêpî mbwii miyó | H. ара (жануар) |
| 9. kinikini | I. темір кесектері |
| 10. îlmî k:ii | J. еуропалық, шетелдік (адам) |
| 11. mty:aamty:aa | K. майлы |
| 12. mty:aa wee | L. жәндік |
| 13. nkéli chêêpî pââ | M. екі ұзын, жіңішке тас |
| 14. nkéli pi | N. тез («найзағай сияқты») |
| 15. tpile wee | O. таяқ |
| 16. yî mbwii | P. тәтті (сын есім) |

Сондай-ақ, төменде йелі-днье тілінде тағы сөздер мен сөз тіркестері және олардың қазақша аудармалары кездейсоқ ретпен берілген:

- | | |
|---|-------------------------|
| 17. kémi nt:uu | Q. алкогольді сусын |
| 18. k:ii miyó | R. мәйіт |
| 19. nkéli mbwaa | S. көз алмасы |
| 20. ngwolo nt:uu | T. жасыл жылан |
| 21. mbwaa | U. ішек құрты |
| 22. mwi pê | V. бойы ұзын, арық адам |
| 23. tpile pê k:ii kîgha nt:uu k:ii | W. ағаш діңдері |
| 24. pi mbwii | X. екі банан өсімдігі |
| 25. pi ntóó | Y. (піспеген) манго |
| 26. tpile pê yî kuu yââ k:ii | Z. су |
| 27. yî pââ | AA. сары жылан |

(a) Дұрыс сәйкестіктерді орнатыңыз.

(b) Қазақша аударыңыз:

28. **k:ii** (бұл сөздің екі мағынасы бар; екеуін де келтіріңіз)

29. **kpaapî** 30. **kîgha** 31. **mty:aa** 32. **nkéli dnye** 33. **ngwolo** 34. **kémi kîgha nt:uu**

(с) Йелі-днье тіліне аударыңыз:

BB. (оның) ұлы

EE. жас, шикі

HH. Россел аралы

CC. жасыл

FF. (ніспеген) жеміс

DD. май

GG. қара адам

(d) **nté** ≈ **k:ii** екенін біле тұра йелі-днье тілінің келесі сөздерін төмендегі суреттермен сәйкестендіріңіз.

35. **kpaapî tp:oo kpaapî tp:oo**


36. **mbóó**

37. **mbóó nté**

38. **mbóó p:uu nkéli**

39. **pê pê**

40. **taa**

I. 	II. 	III. 
IV. 	V. 	VI. 

(e) Йелі-днье тілінде түстерді қалай білдіруге болатынын түсіндіріңіз.

△ Жауаптан басқа қосымша түсіндірме талап етілмейді және оған ұпай берілмейді.

Йелі-днье тілі (Yélî Dnye) қазіргі таңда жіктелмеген және тілдік изолят (оқшауланған тіл) болуы мүмкін. Бұл тілде Папуа — Жаңа Гвинеяның оңтүстік-шығысындағы Россел аралында шамамен 5000 адам сөйлейді.

Ақ какаду — құс түрі. Папуа — Жаңа Гвинеяның оңтүстік бөлігі бұрын Ұлыбританияның, кейін Аустралияның қол астында болған.

â, ê, î, é, ó — дауысты дыбыстар. [:] белгісі кейінгі дауысты дыбыстың мұрын арқылы айтылуын білдіреді.

—Дан-Мирча Миря

Есеп 3 (20 ұпай). Төменде икито тілінде сөйлемдер және олардың қазақша аудармалары берілген. Қазақша бір аудармаға икито тілінде бірнеше сөйлем сәйкессе, икито тілінде құруға болатын сөйлемнің барлығы келтірілген.

1. Ima paapaaja masiitiirii — Има балықты сатады.
 2. nu=iina isikirii iiyii — Ол бұл жіпті жыртады.
 3. $\left\{ \begin{array}{l} ki=iita masiitiirii Jaime \\ ki=Jaime masiitiirii iita \end{array} \right\}$ — Мен Хаймеге үйді сатамын.
 4. nu=naajuukura simiimi — Ол кітапты жазды.
 5. ki=iina masiirii ikwani saawiri — Мен ер адамның бұл мачетесін сатып аламын.
 6. ki=iipi asuraaja sakiirii mira — Мен бұл балалардың маниогін шайнаймын.
 7. Leo iipi siwiirarii ikwaniwiya — Лео бұл ер адамдарға кіріп шығады.
 8. kia=Leo iita irikatajuurii — Сен Леоның үйін жөндейсің.
 9. ki=simiitakura iimi simiimiya — Мен бұл кітаптарды оқыдым.
 10. nu=iimi irikatajuurii iiminaka — Ол бұл каноэлерді жөндейді.
 11. kia=kariiniikura miisaji kajinani — Сен әйелдің жануарының қамын ойладың.
 12. ki=simiitakura iina simiimi paajuuyaana — Мен бұл мұғалімнің кітабын оқыдым.
 13. $\left\{ \begin{array}{l} nu=paapaaja miitiirii iina ikwani \\ nu=iina miitiirii ikwani paapaaja \end{array} \right\}$ — Ол бұл ер адамға балықты береді.
 14. ki=nikikura iipi kaajiya iitimira — Мен бұл әйелдердің жануарларын көрдім.
 15. kia=iina simiimiya simiitarii maaya — Сен бұл баланың кітаптарын оқисың.
 16. $\left\{ \begin{array}{l} kia=iina masiitiirii simiimi paajuuyaana \\ kia=paajuuyaana masiitiirii iina simiimi \end{array} \right\}$ — Сен мұғалімге бұл кітапты сатасың.
- (a) Келесі сөйлемдерді қазақша аударыңыз. Мүмкін болса, бірнеше аударма келтіріңіз. Әрбір аударманы тек бір жолмен түсінуге болатынына көз жеткізіңіз.
17. kia=iipi siwiirarii miisaji paajuuyaapi
 18. nu=nikikura Leo paapaaja
 19. ki=iina masiitiirii miisaji iimina
 20. ki=iipi kariiniirii iina mira ikwani
- (b) Келесі сөйлемдерді икито тіліне аударыңыз. Мүмкін болса, бірнеше аударма келтіріңіз.
21. Сен бұл балалардың каноэлерін сатып алдың.
 22. Сен мұғалімнің жібін жыртасың.
 23. Мен бұл әйелдердің үйін сатып аламын.
 24. Ол Имаға бұл кітаптарды сатады.
 25. Мен бұл ер адамдардың бұл каноэсін жөндеймін.


△ Икито тілі сапаро тіл отбасына жатады. Бұл тілде Перу Амазонында 100-ден аз адам сөйлейді.

i — дауысты дыбыс. j = ағылшынша *hello* сөзіндегі *h*. □ белгісі сөздің екі бөлігін айыру үшін қолданылады. Икито тілінде тондар бар болғанымен, есепті жеңілдету үшін мұнда тон белгілері көрсетілмеген.

Има, Лео мен Хайме — адам есімдері.

—Имэр Макнайт

Есеп 4 (20 ұпай). Төменде сақырабиат тілінде сөйлейтін отбасының шежіресі берілген. Шежіреде туған бауырлар көрсетілген жерлерде үлкені — сол жағында, кішілері — оң жағында.



□: ер адам ○: әйел ▢: тумаластар —: неке |: бала

Төрт отбасы мүшесінің аттары берілген: жасы үлкен жұп (Elias пен Luzia) және кіші ұрпақтың жасы ең үлкен екі мүшесі (Boni мен Rosalina). Отбасының кейбір басқа мүшелері төменде (A–J) әріптерімен белгіленіп, шежіреде (1–10) сандарымен көрсетілген, бірақ бұл екеуінің реті сәйкеседі деген сөз емес. Сұр түспен белгіленген адамдар бұл есепте кездеспейді.

Бұл адамдар өздерінің туыстығын сипаттау үшін қолдана алатын сөйлемдерге қараңыз. Әр бағанада сөйлеуші сол жақта, ал ол айтқан сөйлем — оң жақта белгіленген. Мысалы, **G: Elias abitop** деген жері G-мен белгіленген кісі: «Elias — **abitop** = менің ...-ым» деп айтқанын білдіреді.

Elias: A otak H otaup	B: Rosalina omăykut A okoypet D otak E otaup I omăykut	F: C _____(iv) E okip G āsi I okoypet	H: Elias abitop B oyke C omăykut D _____(vi) E otaup
Luzia: B omēpit	C: I okoypet G āsi	G: Elias abitop Boni okupi mēpit A okupi B _____(v) E okwa taup F omēpit I omēpit	I: F okwa G āsi
Boni: J okip	D: Rosalina _____(ii) F okwa I okupi		J: B abitop F oyke I okoypet
Rosalina: A āsi	E: C okip D _____(iii) J oyke		
A: Luzia āsi Rosalina omēpit B okwa D okwa tak E okwa taup F oykey mēpit G oykey I _____(i)			

- (a) (1–10) сандарын (A–J) отбасы мүшелерімен сәйкестендіріңіз.
(b) (5–10) отбасы мүшелерінің дүниеге келу тәртібін белгілеңіз.
(c) Бос орындарды (i–vi) толтырыңыз. Әр бос орынға бір-ақ жауап жазуға болады, бірақ жауап міндетті түрде бір сөзден тұрмауы мүмкін.

△ Сақырабиат тілі тупи тіл отбасының тупари тармағына жатады. Бұл тілде Бразилияның Амазон тропик орманында, Боливиямен шекараға жақын шамамен 13 адам сөйлейді.

u ≈ орысша вы сөзіндегі ы. □ белгісі мұрындық дауысты дыбысты білдіреді.

—Лай Оцука (кеңесші: Ана Виласи Галусиу)

Есеп 5 (20 ұпай). Төменде қазақша сөйлемдер мен олардың комнджо тіліне аудармалары берілген:

- | | |
|---|-------------------------|
| 1. Мен кеше оларды кездестірдім. | kayé thewafé |
| 2. Сендер бір апта бұрын мені шақырып жаттыңдар. | nümä wobräknwath |
| 3. Біз бір апта бұрын оларды ұстап жаттық. | nümä efathwake |
| 4. Біз бір апта бұрын сендерді ұстадық. | nümä thefafake |
| 5. Сендер қазір бізді кездестіріп жатырсыңдар. | zena nwagrwrth |
| 6. Біз қазір сендерді көріп жатырмыз. | zena emarwe |
| 7. Мен қазір оларды шақырып жатырмын. | zena ebräknwé |
| 8. Олар бір апта бұрын сендерді қайтарды. | nümä thäbrimath |
| 9. Сендер бір апта бұрын бізді ұстап жаттыңдар. | nümä nfathwath |
| 10. Біз кеше оларды қайтардық. | kayé thäbrime |
| 11. Сендер бір апта бұрын мені көрдіңдер. | nümä zwemarath |
| 12. Олар кеше бізді шақырды. | kayé nznästh |
| 13. Олар бір апта бұрын мені шақырды. | nümä zwäsath |
| 14. Мен бір апта бұрын оларды кездестіріп жаттым. | nümä ewagrwa |

(a) Комнджо тіліне аударыңыз:

15. Сендер кеше мені ұстадыңдар.
16. Мен бір апта бұрын сендерді шақырдым.
17. Сендер қазір мені ұстап жатырсыңдар.
18. Олар бір апта бұрын бізді кездестірді.

(b) Қазақша аудармасының барлық мүмкін нұсқасын жазыңыз:

19. **nümä nbrigwath**
20. **kayé thefafé**
21. **nümä emarwa**
22. **kayé nznäbrimth**

△ Комнджо тілі ям тіл отбасына жатады. Бұл тілде Папуа — Жаңа Гвинеяның оңтүстігіндегі Роуку ауылында шамамен 250 адам сөйлейді.

ä, é, ü — дауысты дыбыстар; th — дауыссыз дыбыс.

—Веско Милев (кеңесші: Кристиан Дёлер)

Редакторлар: Сэмюэл Амед, Аकोш Блашкович, Михай-Александру Брату, Милена Венева, Дмитрий Герасимов, Ксения Гилярова, Станислав Гуревич, Шинджини Гхош, Аида Давлетова, Иван Держанский (техникалық редактор), Хью Доббс, Ана Мета Долинар, Борис Иомдин, Бруну Л’Асторина, Ли Тхэхун, Имэр Макнайт, Дан-Мирча Миря (жауапты редактор), Андрей Никулин, Пан Тұңлы, Алексей Пегушев, Ян Петр, Александр Пиперски, Пшемыслав Подлесьный, Мария Рубинштейн, Даниель Руцкий, Кадзунэ Сато, Элисия Уорнер, Анжела Хоу, Давид Хультман.

Қазақша мәтін: Аида Давлетова (түзету: Бибарыс Сейтақ).

Сәттілік!

kk

Жиырма үшінші Халықаралық лингвистикалық олимпиада

Бухарест (Румыния), 26 шілде – 2 тамыз 2026 ж.

Жауап парағы: **Есеп 2**

(a)

1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.
10.	11.	12.	13.	14.	15.	16.	17.	18.
19.	20.	21.	22.	23.	24.	25.	26.	27.

(b) 28. **k:ii** —

- _____
- _____

29. **kpaapî** — _____

30. **kîgha** — _____

31. **mty:aa** — _____

32. **nkéli dnye** — _____

33. **ngwolo** — _____

34. **kémi kîgha nt:uu** — _____

(c) **BB.** (оның) ұлы — _____

CC. жасыл — _____

DD. май — _____

EE. жас, шикі — _____

FF. (ніспеген) жеміс — _____

GG. қара адам — _____

HH. Россел аралы — _____

(d)

35.	36.	37.	38.	39.	40.
-----	-----	-----	-----	-----	-----

(e) Йелі-днье тілінде түстерді қалай білдіруге болатынын түсіндіріңіз.


kk

Жиырма үшінші Халықаралық лингвистикалық олимпиада

Бухарест (Румыния), 26 шілде – 2 тамыз 2026 ж.

Жауап парағы: **Есеп 4**

(a)



(b) Boni > Rosalina > > > > > >

(c) (i) _____

(ii) _____

(iii) _____

(iv) _____

(v) _____

(vi) _____